

образованию, Нижегородский гос. ун-т им. Н. И. Лобачевского. - Нижний Новгород : Изд-во Нижегородского госуниверситета, 2008. - С. 99-112.

3. Зверев, Николай Константинович. Правовые основы принудительной ликвидации юридических лиц, причастных к терроризму. Меры противодействия офшоризации как одному из источников финансирования терроризма [Текст] / Н. К. Зверев, Л. Р. Идрисова; Центр исследования проблем безопасности Российской академии наук. - Москва : Российский ун-т дружбы народов, 2016. - 125 с.

4. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН о мерах по ликвидации международного терроризма № 51/210 от 17 декабря 1996 г. [Электронный ресурс]: резолюции Генеральной Ассамблеи / Организация Объединенных Наций. - Режим доступа: <http://daccessdds.un.org/doc/UNDOC/GEN/N97/761/67/PDF/N9776167>

5. Терроризм и религиозный экстремизм: правовые, криминалистические и психологические аспекты: Монография/Е.К. Кубеев, Б.Г. Ганчевски, Р.М. Жамиева, Л.К. Аренова и др.-Караганда: ТОО «Арка и К», 2016.- 212 с.

6. Информационный сервис Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан: <http://pravstat.prokuror.gov.kz/rus>

**Сабырбек Ш.М.,** Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, 3 курс, Ю-30 топ, студент


(Ғылыми жетекші — заң факультетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, заң г.к., доцент Өзбеков Д.Ө.)

### ҚЫЛМЫСҚА АЙДАП САЛУШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН НЕГІЗДЕРІ

Қылмысқа қатысу қылмыс жасаудың ерекше нысаны болып табылады, өйткені қылмысты осы нысанда жасау басқа нысандарға қарағанда қауіптілік дәрежесі жоғары болады. Бірнеше субъектілердің бірігіп қылмыс жасауы қылмысты жеңілдетіп қана қоймайды сонымен қатар қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зор қауіп төндіреді немесе келтіру қаупін туғызады. «Қылмысқа қатысу барысында екі немесе одан да көп адамның қатысуы міндетті болып келеді» [1]. Бұл жағдайда қылмысқа қатысушы адамдар қылмыс субъектісінің белгілеріне міндетті түрде ие болуы керек. Қылмысқа қатысушылықтың объективті белгісі екі немесе одан көп адамның қатысуы және қатысушылардың қылмысқа бірлесіп қатысуы болып табылады. Қылмысқа қатысушылық объектісі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және қылмыстық кодекспен қорғалатын барлық объектілер болып табылады.

ҚР ҚК-нің 27-бабына сәйкес қылмысқа қатысу тек қасақана түрде және қасақаналықпен жасалатын қылмыстарда ғана орын алады деген тұжырымға келуге болады.

Қылмысқа қатысушылық арқылы қылмысқа қатысу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оның өзектілігі де бекер емес. Өйткені бұл нысанда қылмыс жасау тиімді әрі қоғамға қауіптілігі басым болып табылады. Статистикалық деректі қарастырып кетуге болады.



Қылмысқа қатысушылардың ішінде айдап салушыны ерекше айтып өткен жөн. Бұл тұлғаның атқаратын қызметі — белгілі бір қылмысты жасауды бұған дейін де ойластырып жүрген тұлғаның шешімін бекіте түсіп, оны осы қылмысты жасауға қарай итермелейтіндігі. Осыған орай біреудің қылмыстық іспен айналысу туралы жалпылама, белгісіз түрде айта салған сөздерін айдап салушылық деп қарастыруға болмайды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодесінің 27-бабының, 4-тармақшасына сәйкес: басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

Басқа қылмысқа қатысушыларға қарағанда қылмысқа айдап салушы сырттай аса көрінбейтін фигура болып келеді. Қылмысқа айдап салушылықтың қоғамға қауіптілігі оның таралымы бойынша емес, оның басқа тұлғаларға ықпалында болып отыр. Айдап салушы сырттай көрінбей қалатын қылмыс жазалануынан тікелей шетте қалатын қатысушы, ол өзінің қылмыстық жоспарын басқа тұлғалардың қолымен жүзеге асырады. Оның ықпалының жасырын сипаты қылмысқа кәметке толмағандарды тарту, итермелеу оқиғаларында ерекше қауіптілікке ие болады. Осыған байланысты жасөспірімдерді қылмысқа тартатын айдап салушыларға жауапкершілік жүктегенде соттар істің мән-жайына басты назар аударуы тиіс деп санаймыз. Бұл айтылған тұжырымның қылмыстық тұлғалардың өзге де категорияларын қарастыру үшін де маңызы зор болып келеді. Өйткені айтап салушыларға қолданылатын алдын алу шараларымен жазаларды дұрыс бекіте білудің барлық қылмысқа қатысушылармен жүргізілетін күрестің сәттілігі тәуелді болады.

Айдап салу: қылмыс жасауға сөз байласу, уәде беру, қорқыту, сатып алу арқылы немесе басқа тәсілдермен жүзеге асуы мүмкін. Айдауға көнген тұлғаның дәл айдап салушы үгіттеген қылмысты жасауы — айдап салушылықтың нәтижесі болып табылады. Басқаша айтқанда, айдап салушының насихаты, іс әрекеті — айдауға түсушінің қылмысқа баруының себебі.

Айдауға көнушіні қылмыс жасауға көндірген кезде, айдап салушының қолданған амалдары жаза тағайындауға елеулі әсер етеді.

Тұлғаның басқа біреуді дем берушілікке, яғни орындаушыға қолдау көрсетуге көндіруі де айдап салушылық деп танылады. Мәселен, А. кісі өлтіру үшін Б-дан қару тауып беруді сұрап, олар осы жайында сөз байласады делік. Бұл жағдайда А-ның тарапынан айдап салушылық орын алып отыр.

Егер де айдап салынып отырған тұлға бастапқыда бұл іске келісімін бергеніне қарамастан, қылмыс жасаудан бас тартса, айдап салушылықта жойылады. Аталған жағдайда (айдап салушылық сәтсіздікке ұшыраған) айдап салушының тарапынан қылмыс жасауға дайындық болды деп есептеледі.


Субъективтік жағынан алып қарағанда, айдап салушылықта тікелей қасақаналықтың болатындығы анық. Біреуді белгілі бір қылмыс жасауға айдап сала отырып, кінәлі өзінің әрекетінің қоғам үшін қатерлі сипатын жақсы түсінеді, оның қоғам үшін қауіпті салдарының сөзсіз болатындығын немесе мүмкіндігін алдын-ала біліп, сол салдардың орын алуын тілейді.

Айдап салушының әрекетіндегі ниет пен мақсат орындаушының әрекетіндегі ниетпен мақсатқа сәйкес келмеуі мүмкін. Алайда, бұл жағдай олардың жауаптылығына әсер ете алмайды. Мысалы, кісі өлтіруге айдап салушының құрбан болушы адаммен бас араздығы болса, ұйымдастырушының оны өлтіруде пайдакүнемдік ойы іске асуы мүмкін.

Егер де айдап салушының көндіруімен жасаған қылмысын аяғына дейін жеткізбесе, айдап салынушы қылмыс жасауға оқталуға бірге қатысқандығы үшін ҚК-тің 24, 28-баптарына және Ерекше бөлімнің тиісті бабына сәйкес жауқа тартылады.

Нақты бір қылмыс жасауға бірлесіп қатысу болып есептелетін айдап салушылықтан онымен ұқсастығы бар кейбір қылмыс түрлерін ажырата білу керек. Мысалы, басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру (ҚК-тің 157-бабы), Қазақстан Республикасының консти-туциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру (ҚК-тің 170-бабы). Бұл жағдайларда айдап салушылыққа жеке қылмыстық жауаптылық қолданылады, себебі мұндағы кінәлінің әрекеттері белгісіз тұлғаларды қоғамдық қауіпті істер жасауға көндіруге бағытталған» [2].

Қылмысқа қатысушылық арқылы жасалаған қылмыстар: 2018 жылғы статистикалық деректер.



«Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады. Жоспарлы орындаушының субъективтік қасиеттерін ескере отырып, айдап салушы бопсалауды және мадақтауды, оның пайдакүнемдік ниетін пайдаланады, ал кейде сөз арасында айтылған емеуріннің өзі де жетіп жатады» [3].

Айдап салушыны айдап салушы деп тану әр мемлекеттердің қылмыстық кодекстерінде әртүрлі көрсетілген. Мысалы, Испанияның Қылмыстық Кодексінде орындаушыдан басқалары, қылмысқа қатысушы болып танылған. Осы кодекстің ерекше бөлімінде айдап салушы ретінде орындаушыдан бір саты төмен қызмет атқаратын тұлға танылады. Егер тұлға басқа бір тұлғаны мәжбүрлеп қылмысқа айдап салса, онда ол орындаушы болып табылады.

Ал Голландия мен Швецияның Қылмыстық кодексінде «адамды қылмыс жасауға азғырған тұлға айдап салушы болып табылады». Мұндағы басты бір белгі айдап салушы айдап салушыға қылмыс жасаудың ниетін тудырады.

Швейцарияның Қылмыстық Кодексіне сәйкес басқа бір тұлғаны қылмыс жасауға қасақана итермелеген адам айдап салушы деп танылады. Осыған ұқсас анықтаманы АҚШ-тың Қылмыстық кодексінде де кездестіруге болады.

Францияның Қылмыстық Кодексінде «айдап салушы» ұғымы көрсетілмеген, бірақ қылмысқа қатысушылар қатарына орындаушыдан басқа тағы екі қатысушы түрін көрсеткен. Олардың бірі «сыйлық беру, сөз беру, қорқыту, талап ету, бұйыру, билікті теріс пиғылда пайдалану, асыра пайдалану арқылы қандай да болмасын қылмыстық әрекетке итермелейтін немесе оның орындалуынан ұсқау беретін тұлға». Бұл жерде мәселе айдап салушы ретінде екені сөзсіз. Бұл жағдайда осы мемлекеттің заң шығарушысының айдап салушылықтың нақты тәсілдерін ұғынғанын көре аламыз, бірақта бұнда айдап салушылықтың күш көрсету арқылы жүзеге асырылатын тәсілі көрсетілмеген.

Шет мемлекеттердің заңнамаларын қарастыра келе, айдап салушылықты талдай отырып, келесі жағдайдады көрсетіп өткен жөн деп санаймыз: 1) барлық қылмыстық кодекстер «айдап салушылық» ұғымын қолдана бермейді, бірақ оның атқаратын функцияларын нақты бөліп көрсетеді; 2) бұл ұғымды қолдану барысында кейбір мемлекеттердің заң шығарушылары оны тек қылмысқа қатысушы деп танытынын көруге болады; 3) көп мемлекеттердің қылмыстық кодекстерінде айдап салушының атқаратын функцияларын қылмысқа басқа да қатысушылардың функцияларына жатқызып, біздің пікірімізше қайшылық тудырады; 4) қылмыстық кодекстердің барлығында айдап салушылықтың тәсілдері реттеле бермейді; 5) қылмыстық кодекстің кейбіруінде айдап салушылықтың тәсілдері нақты, ал кейбіреулерінде шексіз көрсетілген, нақты шеңбері анықталмаған деген тұжырым жасауға болады деп есептейміз.

Қылмысқа итермелеудің қосымша саралануы, айдап салушы ұғымын қылмыстық-құқықтық кодексте алдын ала анықталған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабының, 4-тармағына сәйкес «Басқа тұлғаны сөз байласу, сатып алу, қорқыту арқылы немесе басқа тәсілмен қылмыс жасауға көндірген тұлға айдап салушы деп танылады».

Басқа адамды қылмыс жасауға көндіру белгісі бойынша қылмысқа айдапсалудың қосымша саралануы үш жағдайға негізделеді: көндіру, басқа адам және қылмыс жасау. Олар міндетті, өйткені баламасыз көрсетілген.

Қазақ тілінде «көндіру деген; адамды қандай да бір іс– әрекетті, шешімді жасауды, орындауды, жүзеге асыруды білдіреді» [4]. Осыдан көріп отырғанымыздай, қылмыс жасау мүмкіндігін көрсету қылмысты айдап салу ретінде саралана алмайтындығын көруге болады.

Алайда қылмыс жасауға айдап салу тәсілдерінің тізімінде қауіп бар. «Бұл қорқыту, біреуге зиян келтіру, зұлымдық жасау және т.б» [5]. Оның көмегімен адамды бір іс әрекет жасауға сендірмейді, керісінше іс әрекетті оның ықтиярынсыз жасауға мәжбүрлейді.

Сондықтан А. П. Козловпен келіскен жөн, оның пікірінше «көндіру» қандай да бір адамды белгілі бір қылмыстық мінез–құлықты орындауға сендіру немесе мәжбүрлеу дегенді білдіреді» [6;362].

Тәжірибеде «айдап салушы басқа адамда қандай да бір іс-әрекетті ғана емес, ал айдап салушының ниетімен қамтылған нақты қылмыс жасауға, ниетін қозғауға немесе оның батылдығын нығайтуға ұмтылатын адам ғана танылуы мүмкін деп саналады» [7].

Сонымен қатар П. Ф. Тельнов айдап салушының адамды қылмыс жасауға жігерлендіруі, оған батылдық сезімін ұялатуы, оған рух беруі тек қана «қоғамға қауіпті әрекет жасауға ниет білдірген адамға ғана бағытталуы мүмкін екенін дұрыс көрсеткен» [8;102]. Оның қылмыс жасауға ниеті болғандықтан, оны қылмысқа айдап салу қажет емес болып келеді деп санайды. Сонымен қатар ниет-ол жайғана бірдене жасауға ұсыныс, тілек. Ол қылмыс жасаудан әлі алыс. Ол кезде адам болжамдарды, ниеттерді, ойды жүзеге асыруға қатысты ауытқуы мүмкін. «Ниет– адам әрекетінің нақтылы мақсатын, мазмұнын бейнелейтін қозғаушы күш. Ниетсіз, себепсіз мақсат қойылмайды. Кісіні нысанаға бағыттайтын да, істің мән-мәнісін белгілейтін де Ниет Оның мазмұны адамның қылығы мен пиғылында» [9].

Басқа мәселе батылдық. Осы батылдық адамының, өз шешімін қабылдауға және жүзеге асыруға дайындығын білдіреді. Осыдан, біздің ойымызша, қылмыс жасауға бейімділік деп дәл осы қылмысты жасауға бел бууды түсіну керек. Сонымен қатар, «егер орындаушының қылмыс жасау мүмкіндігі бойынша ауытқуы белгілі бір тұлға тарапынан сыртқы әсердің ықпалымен жасалса, онда ол, сөзсіз, азғырушы болып табылады» [10;564].

Көбінесе адамды қылмыс жасауға айдап салу ауызша, бір-бірімен сөйлесу арқылы жүргізіледі. Бірақта кейбір кездерде жазбаша (хаттар, жазбалар және т. б.) арқылы жүзеге асырылады. Егер «оған жолданған қылмысқа шақырудың (айдап салу) мәні азғырушы адам мимика мен дене-қимылдарымен түсіндіре алатын болса, олар сондай-ақ азғырудың тәсілі ретінде қаралуы мүмкін» [11;47].

Басқа жағынан қарасақ жасалған айдап салу тек айдап салу арқылы қылмыс жасалан кезде ғана емес, сондай-ақ осы қылмыс қандай да бір себептер бойынша аяқталмаған жағдайда да болады.

Қылмыс жасалған болып табылмайды егерде; айдап салушы өзінің ерік білдіруі арқылы (қылмыстан бас тарту) қылмыс жасаудан бас тартса» [12;15 – 16].

Теорияда айдап салу нақты, белгілі бір тұлғаға қатысты жүзеге асырылады деп есептеледі. Бұнымен келісу керек. Қылмыс жасауға көндіру белгісіз адамдар тобына бағытталған үгіт немесе насихат болып табылмайды. Қылмыс жасауға жария шақыру айдап салу ретінде саралынбайды. Кейбір жағдайларда олар тікелей немесе жанама түрде дербес қылмыстар деп танылған. Қылмыс жасауға тек қана бір адам ғана емес, сонымен қатар бірнеше адам да бейім болуы мүмкін екенін түсінеміз.

Заң әдебиеттерінде «Орындаушыға, ұйымдастырушыға, өзге де айдап салушыға және көмектесушіге қатысты қылмыс жасауға айдап салу мүмкін екені анық көрсетілген» [13;408]. Бұнымен біз түбегейлі келісеміз.

Көріп отырғанымыздай, қылмысты жасауға көмектесушіге қарағанда заң шығарушы айдап салушыны түрлерге бөлмей-ақ сипаттайды.

Біздің ойымызша, Қылмыстық Кодексте айдап салушылықтың мағынасы тармағынада берілген. Бірақ мұнда олардың толық тізімін заңға енгізу туралы қиындықтар туады. Айдап салушылықтың тәсілдерінің көптеген түрін бөліп-бөліп көрсетуге болады, бірақ олардың барлығы қылмыстық мәні бар итермелеудің тең дәрежедегі нысаны болады ма деген сұрақ туындайды. Мәселен ғалым Кологовтың көзқарасы бойынша, яғни ол айдап салушылықтың тәсілі ретінде тұлғаға қылмыстық әрекетті жасауға жол бермегенсінуді де жатқызады. Атақты ғалым Шайкевич келесі тәсілдерді көрсеткен: «мәжбірлеу, бұйыру, қызықтыру, өтіну жалыну, көзін жеткізу, сөз беру, сатып алу, оның осал жақтарын тауып, оған қарсы қолдану және т.б». Ал ғалым В.С.Прохов айдап

салушылық кезінде әсер ету тәсілдерін әр түрлі деп есептейді де, сатып алу, қорқыту, өтіну т.б тәсілдерін бөліп көрсетед [14].

Осы айтылғандарды ескере келе біздің көзқарасымыз бойынша, айдап салушылықтың тәсілдерінің нақты тізімін құру керек. Себебі: 1) оны әсер ету тәсілдері бойынша топтастырып, көндіру мен мәжбүрлеу тәсілдерін жеке алып қарастырған жөн деп санаймыз. Олар бір-бірінен айдап салушыға айдап салушының әсер етуі бойынша ерекшеленеді: көндіру кезінде ол жасырын қолданылады, ал мәжбүрлеу кезінде алдыңғы орынға айдап салушының санасына әсер етуі және еркінде өзгерістің болуы анық көрінеді. 2) Алдау мен бұйыруды бір топтағы тәсілдер ретінде қарастыруға болмайды, себебі алдау кезінде айдап салушының санасында ешқандай өзгеріс болмайды, ол өзіне белгілі бір материалдық немесе моральдық пайданы көздейді, ал бұйыру кезінде, керісінше, айдап салушының еріктілік сипатына әсер тиеді, бұйрықты белгілі бір жағдайларда орындату мәжбүрлеуге теңестіріледі де, қылмысты қоса орындатушылық фактісін жоққа шығаратын жағдай болып кетеді. 3) мәжбүрлеу тәсілдердің құрамынан басы сипаттағы үш элементті алып қарауға болады: 1. Физикалық немесе мүліктік зиян келтіру арқылы мәжбүрлеу; 2. күш көрсету немесе мүліктік зиян келтірумен қорқыту арқылы мәжбүрлеу. 3. зиян келтіру немесе қорқыту жасырын түрде кездесетін жағдайдағы бұйыру немесе басшылық ету арқылы мәжбүрлеу.

Біздің пікірімізше, адамды қылмыс жасауға көндіруге кеңес беру, өтіну, құндылықтармен қамтамасыз етуге сөз беру (сатып алу, жыныстық байланыс, қызмет бабында көтермелеу). Кеңес беру – бұл айдап салушының айдап салынушы мүддесіне қызығушылық танытып, оған шын немесе жалған көмектескенініп оған тапсырылған жағдай бойынша бағыт көрсету, үйрету; өтіну – бұл бір тұлғаның «өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатын көздей отырып, сол қажеттілікті қанағаттандыруды басқа біреуден сұрау». Кеңес беру мен өтірудің арасындағы айырмашылық мүдделі қызығушылық танытатын субъектіде: кеңес беруде – айдап салушыны, өтінде айдап салушы мүдделі. Құндылықтармен қамтамасыз етуге сөз беру – айдап салушының айдап салынушыға оның қылмыс жасағаны үшін қандайда болмасын құндылықтар беруге өз еркімен міндеттенуі. Айдап салушылықтың бұл түрінде екі жақтың да мүддесі көзделеді.

Қылмыстық құқық заңдары мен теориясындағы көрсетілген басқа да тәсілдер, біздің көзқарасымызша, өз алдына дара жеке тәсілдер ретінде бола алмайды, олар жоғарыда көрсетілген тәсілдердің көшірмесі ретінде танылады немесе олардың элементтері болады, не солардың топтарының ішіне кіреді. Кейбір авторлардың еңбектерінде тарту, көндіру ұқсас ұғымдар болып табылады, олардың мәні айдап салушылықтың қандай да болмасын тәсілінің әсер ету ұзақтылығынан көрініс табады – бұл кеңес беру кезінде көндіру, құндылықтармен қамтамасыз етуге сөз беру кезінде көндіру.

Жоғарадағылардың барлығын қорытындылай келе, біздің пікірімізше, айдап салушыға қылмысқа итермелеу тәсілдерінің нақты тізімі көрсетілген келесідей анықтама беруге болады. Айдап салушы – бұл басқа адамды физикалық күш қолданып немесе психикалық қысым келтіріп, талап ету, кеңес беру, өтіну, сыйлық беремін деп сөз беру жолымен қылмыс жасауға көндірген адам.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [1].
2. <https://mybiblioteka.su/4-57709.html> [2].
3. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қылмысқа\\_қатысу\\_және\\_оның\\_түрлері.\\_Қылмыс\\_жасау\\_сатылары](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қылмысқа_қатысу_және_оның_түрлері._Қылмыс_жасау_сатылары) [3].
4. Қалиев Б. Қ 26. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Б.Қалиев. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014 жыл [4].
5. Павлухин А. Н., Рыжов Р. С., Эриашвили Н. Д. Виды и ответственность соучастников преступления: Монография. Под ред. А. Н. Павлухина. – М.: ЮНИТИ–ДАНА; Закон и право, 2007[5].
6. Козлов А. П. Соучастие: традиции и реальность. СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2001. – [6;362].
7. Судебная практика к Уголовному кодексу Российской Федерации. С. 135 (дело Бяшимова) [7].
8. Тельнов П. Ф. Ответственность за соучастие в преступлении. М., 1974 г [8;102].
9. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Ниет> [9].
10. Энциклопедия уголовного права: Соучастие в преступлении. Т. 6 / Аветисян С. С., Галактионов Е. А., Галиакбаров Р. Р., Ермакова Л. Д., и др. – С.–Пб.: Изд. профессора Малинина, 2007. – [10;564].
11. Шатов С. А. Соучастие в преступлении. // Юридическое образование и наука. № 1 – М.: Юрист, 2008. – [11;47].
12. Абакаров З. А. Ответственность за подстрекательство к совершению преступления по российскому уголовному праву: автореф. дис. ...канд. юрид. наук. Саратов, 2006. [12;15 – 16].
13. Арутюнов А. А. Соучастие в преступлении. – М.: Статут, 2013. – [13;408].
14. Козлов А.П. Соучастие: традиции и реальность. – СПб.: Юридический центр «Пресс», 2001 [14].